Жоғары білім саласын басқару жүйесінде Батыстың озық тәжірибесін енгізуге бағытталған мемлекеттің саясаты ерекше құқықтық мәртебеге ие. Әсіресе, ол ұлттық және мемлекеттік университеттердің басқару органдарын реформалаудан көрініс табады. Бүгінгі таңда, мемлекеттік университеттердің басқару органдарында құрылымдық реформалар жүргізу саясаты Қазақстан Республикасының Білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында көзделген. Аталған Бағдарламаның міндеттерінің бірі ретінде «жоғары оқу орындары қызметінің тиімділігі мен жариялылығын арттыру үшін мемлекеттік жоғары оқу орындарында байқау кеңестері мен директорлар кеңестерін жетілдіру жалғастырылады»[1] деп көрсетілген. Яғни, университеттердің басқару моделін жетілдіру мемлекеттің стратегиялық мақсаттары ретінде танылып отыр. Әрине, мұндай бағыттағы саяси концепция оның алдындағы мемлекеттік бағдарламаларда да айтылып, алғашқы қадамдары 90-шы жылдардың соңында басталған болатын. Үкімет пен министрлік тарапынан Бағдарламада көзделген идеяларды жүзеге асыру жоспары жасалып, тиісті нормативтік-құқықтық базасы да дайындалды. Осындай стратегияның төңірегіне 2000-шы жылдары мемлекеттік университеттерді акционерлік қоғам нысанына ауыстыру және сол арқылы жекешелендіру және коммерциялық ұйымға айналдыру процесі басталды. Сол кезден бастап, ҚР Азаматтық кодексі, Акционерлік қоғамдар туралы заң және өзге де қолданыстағы заңнамаға тиісті өзгерістер енгізіліп отырды. Біртіндеп жеке меншікке жартылай немесе толығымен өткен университеттерде директорлар кеңесі және өзге де коммерциялық ұйымдарға тән басқару органдары құрыла бастады. Ал ұлттық және мемлекеттік университеттерде корпоративтік басқару жүйесін енгізу мақсатында 2010 жылдардан бастап қамқоршылық кеңестер енгізілді. Алайда, бұл саясат мақсатына жетпей, тиімсіз деп табылды. Нәтижесінде, 2016 жылдан бастап қамқоршылық кеңестердің орнына байқау кеңестері құрылды және өзге де басқару органдары жұмыс істей бастады. Дегенмен, тәжірибе көрсетіп отырғандай басқару органдарының құрамы мен функциясы жиі өзгеріп, әлі де тиісті деңгейде қызмет етпей отыр. Осындай тұрақсыз реформалардың нәтижесінде, 2019 жылы 11 қазанда ҚР Үкіметінің Қаулысымен 25 ұлттық және мемлекеттік университеттер шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын нысанынан коммерциялық емес акционерлік қоғам нысанына ауысатын болып, жарғылық капиталы 100 пайыз мемлекеттің меншігінде қалады деп бекітілді[2]. Ұлттық және мемлекеттік университеттердің коммерциялық емес акционерлік қоғам нысанына ауысумен байланысты реформалардың азаматтық құқық ғылымында бұрын соңды болмаған феномен екені ғалымдар тарапынан айтылғаны белгілі. Әлі де, цивилист-ғалымдардың арасында қазақстандық заңнамадағы өзгерістерге теориялық тұрғыдан толыққанды жауап болмай отыр. Осы және басқа да мәселелерді тереңірек түсіну үшін университеттік басқарудың теориялық аспектілеріне тоқталып, мемлекеттің бұл салада ұстанып отырған саясатына талдау жасап, отандық университеттерде жаңа басқару моделін қалыптастырудағы кедергілер және оларды жоюдың жолдарын қарастырамыз.

**Теориялық негізі**

Австралияның басқару саласындағы белді ғалымы Армстронның пікірінше, басқару дегеніміз «қоғам, ұйымдар және жеке тұлғалардың мүдделерін қанағаттандыру үшін есеп берушілік пен ресурстарды тиімді қолдануды қамтамасыз етуге бағытталған, биліктік өкілеттіктерге ие лауазымды тұлғалардың арасындағы қатынастарды, олардың функцияларын реттейтін ережелердің жиынтығы» [1]. Ұлыбританияда Корпоративтік басқару кодексінің іргетасы болып саналатын The Cadbury Report құжатына сәйкес «корпоративтік басқару дегеніміз ұйымның мүдделі тараптарына тиісті игіліктер мен құндылықтарды арттыру үшін компаниялардың басшылыққа алатын қағидаларының жиынтығы»[3]. Бұл анықтамалардың негізінде

---

*[1] Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 202-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы / Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы*

*[2] Постановление Правительства Республики Казахстан от 11 октября 2019 года № 752 О некоторых вопросах высших учебных заведений Министерства образования и науки Республики Казахстан / https://online.zakon.kz*

*[3] The Cadbury Report / http://cadbury.cjbs.archios.info/report*

ұтымды басқару университеттің тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқаратын және оның мүдделі тараптармен өзара тиімді әріптестік орнатуына ықпал ететін негізгі фактор екенін байқап отырмыз. Сондай-ақ, ғалымдардың пікірінше, ұтымды және өнімді басқару жоғары оқу орындарының тиімді қызмет етуіне ықпал етуші басты фактор ретінде танылады және ол демографиялық, қаржылық және өзге факторларға қарағанда маңыздырақ деп саналады [2]. Ұлыбританияның университеттерінің басқару модельдерін зерттеудің нәтижесінде, Шатток жоғары оқу орындарын мемлекет пен нарықтың талаптарына жауап бере алатындай кәсіби менеджерлер басқару керек деген қорытынды жасайды [3]. Сондай-ақ, ол бірлесіп басқару (shared governance) моделі негізінде басқарылатын, яғни топ менеджерлер мен оқытушы-профессорлық құрамның өкілдерінен тұратын, алқалы әріптестікке негізделген ортақ басқару жүйесі арқылы аса озық университет (the most successful university) жасауға болады деп айтты. Университеттерге ортақ басқару моделін енгізу Еуро Комиссия тарапынан да ұсынылып, Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің бірқатарында жоғары оқу орындарында басқару кеңестеріне топ менеджерлер ретінде өнеркәсіп компаниялары мен қоғамның өкілдері тартылған болатын [4]. Университеттің басқару органына сырттан тартылатын мүдделі тараптарды, яғни өнеркәсіптік компаниялары мен бизнес өкілдерін мүше ретінде енгізу өзара тиімді әріптестік орнату, тиімді басқару моделі мен қаржыландыру көздерін әртараптандыруға мүмкіндік береді. Осындай саяси шешімдердің нәтижесінде, бүгінгі таңда, Экономикалық Ынтымақтастық және Даму Ұйымына (ЭЫДҰ) кіретін 34 елдің 25 елінде университеттердің басқару органдарында өнеркәсіп компаниялары мен бизнес өкілдері мүшелікке тартылған [5]. Қорытындылай келе университеттің басқару органының тиімді қызмет етуі оның институционалдық тиімділігін арттыруға ықпал етуші негізгі фактор екенін байқап отырмыз. Сондай-ақ, университеттердің басқару жүйесін жетілдіруде ортақ басқару моделін енгізу бүгінгі таңда тиімді жол ретінде қолданып отырғанын көріп отырмыз.

**Талқылау**

Қазақстан Республикасының Білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында ұлттық және мемлекеттік университеттердің алдына үлкен міндеттер қойылған. Атап айтқанда, университеттердің автономды және өзін-өзі қаржыландыру жүйесін құру, университеттер мен бизнес компаниялары арасында әріптестік орнату, эндаумент қорлар құру, халықаралық деңгейде танымал ғылыми-зерттеу университеттерін қалыптастыру және т.б. Әрине, мұндай мақсаттарға жету үшін, жоғарыда айтылған ғалымдардың пікіріне сүйенсек, тиімді университеттік басқару жүйесі қажет. Сондай-ақ, басқару моделінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін заман талабына сай құқықтық базасы болуы тиіс. Ал бүгінге дейін жұмыс істеп келген басқару моделі Мемлекеттік бағдарламада қойылған міндеттерді жүзеге асыруға дәрменсіз болды. Міне осындай себептер ұлттық және мемлекеттік университеттердің құқықтық нысанын ауыстыруға және басқару жүйесін реформалауға негіз болып отыр. Жоғарыда атап өткеніміздей, нәтижесінде, 2019 жылы 11 қазанда ҚР Үкіметінің қаулысы шығып, 25 ұлттық және мемлекеттік университеттер коммерциялық акционерлік қоғамдарға ауысып, бүгінгі таңда бизнес компаниялар сияқты корпоративтік басқару жүйесіне көшу үстінде. Реформаны жақтаушылардың пікірінше, Үкіметінің бұл саясаты ұлттық және мемлекеттік университеттердегі қаржылық тапшылықты шешуге және басқарудың жаңа тиімді моделін енгізуге мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда ҚР Үкіметінің осындай шешімінің негізінде ұлттық және мемлекеттік университеттердің басқару жүйесінде белсенді реформалар жүргізілуде. Хронологиялық тұрғыдан қарасақ, бұл қадам университеттердің басқару органдарын жетілдіруге қатысты уәкілетті органдардың соңғы он жылда ұсынған үшінші моделі екен. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, алғашында қамқоршылық кеңестер құру тапсырылған болатын, 2016 жылы оның орнына байқау кеңестері енгізілді, ал 2020 жылдан бастап директорлар кеңесін құру жүзеге асырылуда. Соңғы басқару моделі ұлттық және мемлекеттік университеттердің шаруашылық құқық нысанындағы мемлекеттік кәсіпорыннан коммерциялық емес акционерлік қоғамға трансформациялануына байланысты көрініс тауып отырған жағдай. Яғни, ҚР «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес[4] университеттер акционерлік құқық нысанындағы заңды тұлға болып тіркелген соң корпоративтік басқару моделін енгізу керек. Демек, шаруашылық операцияларын жүргізуде кең өкілеттіктерге ие, азаматтық айналымда еркін қатыса алатын кәсіпкерлікке икемді университетке айналу керек. Жалпы алғанда, бұл нарықтық неолиберализм жағдайында әлемдік тәжірибеде көрініс тауып отырған заңды құбылыс. Мемлекеттік университеттердің нарық занда-

[4] *Закон Республики Казахстан от 13 мая 2003 года № 415-II «Об акционерных обществах» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 25.06.2020 г.)*

рын ескере отырып, өзін өзі қаржыландыруы тиіс деген идеялар Кларктың «кәсіпкерлік университет» (entrepreneurial university) [6] және Шаттоктың «ұтымды университет» (successful university) [3] концепцияларында теориялық тұрғыдан негізделіп, осы саладағы зерттеушілердің арасында кеңінен таралған. Сондықтан да, ҚР Үкіметінің мемлекеттік университеттерді коммерциялық емес акционерлік қоғамдарға ауыстыруының басты себептерінің бірі болып университеттердің өзін-өзі қаржыландыруына мүмкіндік жасау және тиімді басқару моделін енгізу табылады. Үкіметтің мұндай стратегиясы саяси-экономикалық қажеттіліктерден туындап отырған қадам деп түсінуге болады.

Көріп отырғанымыздай, ұлттық және мемлекеттік университеттердің құқықтық нысанын ауыстыру олардың басқару жүйесінде күрделі реформалар жасауды талап етіп отыр. Яғни, осы уақытқа дейін басқару органы ретінде жұмыс істеп келген байқау кеңестері таратылып, акционерлік қоғамдарға тән корпоративтік басқару моделі енгізілу үстінде. Корпоративтік басқару моделі бойынша университетті бизнес компаниялары тәрізді арнайы дайындалған кәсіби менеджерлер басқаруы тиіс. Корпоративтік басқару моделінде университеттің стратегиялық жоспарлау, бюджетті бекіту, қаржылық және басқару бойынша есеп беру, тәуекелді басқару және ішкі аудит қызметтері ұтымды және тиімді жұмыс істейді деп саналады [7]. Теориялық тұрғыдан қарағанда корпоративтік басқару моделі агенттік теориясына сүйенетінін көреміз. Агенттік теориясы бойынша «адамдар тек өз мүддесіне жұмыс істеп, басқа тараптың мүддесі үшін жұмыс істеуде немқұрайлық білдіреді» деп саналады [8]. Сондықтан да, атқарушы менеджерлер қызмет бабында акционерлердің мүдделеріне сай келетін істерді жасаудан гөрі өздерінің жеке мүдделерін қанағаттандыратын шешім қабылдайды деп есептеледі. Осындай жағдайлардың алдын алу үшін корпоративтік басқару жүйесі ұсынылған. Мұнда басқару органдары, яғни директорлар кеңесі мен өзге де корпоративтік басқару органдары атқарушы менеджерлердің қызметін бақылап, ұйымның шығынын қадағалап, акционерлердің немесе өзге де меншік иелерінің мүддесін қорғайды. Жалпы алғанда, қазақстандық контексте корпоративтік басқару моделі осыға дейінгі байқау кеңестеріне қарағанда тиімді болуы тиіс деген болжам бар. Оны салыстырмалы талдау арқылы қарастырып көрейік.

ҚР Білім және ғылыми министрінің 2019 жылғы 26 желтоқсанда қабылданған «Шаруашылық басқару нысанындағы мемлекеттік кәсіпорындардың байқау кеңестерін құру туралы» бұйрығы[5] барлық ұлттық және мемлекеттік университеттеріндегі байқау кеңестерінің құрамын бекіткен. Осы Бұйрықта бекітілген тізімді талдап қарасақ, келесідей жағдай байқалады: біріншіден, байқау кеңесінің төрағасы немесе төрайымы Премьер-министрдің орынбасарлары, ҚР Білім және ғылым министрі, вице-министрлер, департамент директорлары, директордың орынбасарлары және өзге де орталық мемлекеттік органдарда қызмет етуші лауазымды тұлғалар екенін байқаймыз; екіншіден, байқау кеңесінің мүшелері ретінде сол университеттің ректоры, университет орналасқан қаланың немесе облыстың әкімдерінің орынбасарлары, өңірлік білім басқармасының басшылары, өзге университеттерде орта және жоғары буында қызмет етуші тұлғалар, жекелеген үкіметтік емес ұйымдардың басшылары, құқық қорғау саласының басшылары және т.б. тартылған.

Осы тізімнен көрініп отырғандай, бір адам екі, үш, тіпті бес университеттің байқау кеңесінің төрағасы немесе төрайымы етіп бекітілген. Ол университеттер Қазақстанның оңтүстігінен солтүстігіне дейін орналасқанын және олардың арасы мыңдаған шақырымдар екенін ескерсек, бұл тізімдердегі лауазым иелері университеттерге қанша рет іссапармен бару керек және қандай көлемдегі материалдармен танысу керек деген сұрақтар туындайды. Байқау кеңесі университеттің басты басқару органы және ол жерде университет үшін маңызды мәселелер қаралады. Ал өзінің лауазымындағы атқаратын қызметі өз басынан асып жатқан орталықта отырған лауазым иелері өңірдегі университеттердің жағдайы қандай, олардың дамуына кедергі болып отырған қандай мәселелер бар, қай салаға қаржыны бөлу қажет екенін қайдан білсін. Мұндай басқару моделі тіпті сырт көзбен қараған адам үшін үлкен күмән тудырады. Сондай-ақ, Байқау кеңесі туралы ережеде олардың мүшелігі үшін жалақы немесе сыйақы алуы туралы айтылмаған. Тек қана байқау кеңесінің хатшысы ғана сыйақы алуға құқылы екені көрсетілген. Сонымен қатар, ҚР Мемлекеттік қызмет туралы заңының 13-бабына сәйкес[6], мемлекеттік қызметшілер шығармашылық және педагогикалық қызметтен басқа ақы төленетін қызметпен айналысуға құқығы жоқ. Бұл норма Заңда қатаң түрде қағида ретінде бекітілген.

---

[5] *ҚР Білім және ғылыми министрінің 2019 жылғы 26 желтоқсанда қабылданған «Шаруашылық басқару нысанындағы мемлекеттік кәсіпорындардың байқау кеңестерін құру туралы» бұйрығы / https://www.enu.kz/downloads/may-2020/533-prikaz.pdf*

[6] *Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы Заңы, 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V ҚРЗ / http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000416*

Яғни, жоғарыдағы тізімде бекітілген мемлекеттік университеттердің байқау кеңестерінің төрағалары немесе төрайымдары және оның мүшелері негізінен мемлекеттік қызметтегі адамдар екенін көріп отырмыз. Кристофердің пікірінше, «университеттің басқару органы мүшелері ақысыз тегін мүшелік етуі олардың өз қызметіне немқұрайлықпен карауына әкеп соғады және ұйымның дамуына пайдалы нәтиже бермейді» [7].

Мұнда бірқатар заңды сұрақтар туындайды. Неге өзінің мемлекеттік деңгейдегі лауазымды функциясы бар тұлғалар сондай маңызды қызметті қосымша ақысыз атқару керек? Байқау кеңесінің төрағасы немесе мүшесі болу соншалықты жеңіл не формальды қызмет па? Орталық органда немесе өңірлік деңгейде жоғары білім саласында қызмет етпейтін лауазымды тұлғалар университеттің бүгінгі таңдағы миссиясы мен мақсат міндеттерін қаншалықты біледі және оны жүзеге асырудың жолдарын түсіне ме? Мұндай сұрақтардың тізімі ұзақ.

Осы және өзге де сұрақтардың жауабын алу үшін, ұлттық және мемлекеттік университеттерде директорлар кеңесі қалай құрылып жатқанына тоқталып кетейік. Әрине, бүгінгі таңға дейін барлық университеттер коммерциялық емес акционерлік қоғамдарға ауысып, корпоративтік басқару органдарын, соның ішінде директорлар кеңесі мен басқарма құрамын бекітіп, ұйымның жарғысын қайта бекітіп, ішкі аудит және өзге де алқалы органдарын бекіту қажет еді. Алайда, университеттердің ресми сайттарындағы ақпараттардан көріп отырғанымыздай, басым көпшілік университеттер құжаттарға қатысты аталған жұмыстарды әлі де жүзеге асырмаған немесе ресми сайтта жарияламаған.

Дегенмен, өңірдегі жекелеген мемлекеттік университеттер атауларын ауыстырып, «мемлекеттік» деген сөзді атауынан алып тастағанын немесе оның орнына «жергілікті» деп бекіткенін көріп отырмыз. Мысалы, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Торайғыров университеті, Шәкәрім университеті, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті және т.б. Бұл орайда «мемлекеттік» деген сөздің мемлекеттік меншіктегі университеттің атауынан алып тастау нені білдіреді дегенде, реформаны жасаушылардың әлемдік тәжірибеге сүйенгенін көріп отырмыз. Бұл дамыған елдерде кездесетін орынды құбылыс деуге болады. Мысалы, Калифорния университеті, Оксфорд немесе Кэмбридж университеттері, Бристоль университеті – мемлекеттік университеттер және олардың атауында мемлекеттік деген сөз жоқ.

Көріп отырғанымыздай, жоғарыда аталған университеттер өздерін коммерциялық емес акционерлік қоғам нысанындағы заңды тұлғалар ретінде жариялап отыр. Әрине, уақыттың тығыздығына байланысты ол университеттер басқару органдарының атауын және тиісті құжаттарын толық ауыстырып үлгермеді. Дегенмен, жекелеген университеттердің ресми сайттарында корпоративтік басқару органдарын, ұйымның жарғысын және өзге де құжаттарын қайта бекіткені туралы ақпараттар бар. Мысал ретінде үш мемлекеттік университеттің басқару жүйесін қарастырдық және ғылыми этиканы сақтау мақсатында олардың атын атамай, А, Б және С деп шартты түрде белгіледік. Бұл жерде ірі ұлттық университеттердің корпоративтік басқару жүйесіне қатысты ақпараттар жоқ. Себебі, олардың ресми сайтында және атауларында әзірге өзгерістер жоқ. Мәселен, А университеті өзінің ресми сайтында өзінің атауының ауысқаны, корпоративтік басқару моделіне сәйкес жарғысының қайта бекітілгені, басқару органдары, яғни директорлар кеңесі, басқарма, ішкі аудит және өзге де органдар туралы толық ақпараттар мен нормативтік базаны жариялаған. Директорлар кеңесінің құрылуы және оның құрамын талдай келе, оның құрамы ескі Байқау кеңесінің құрамынан айырмашылығы жоқ екенін көріп отырмыз. Яғни, директорлар кеңесінің төрағасы вице-министр, мүшелері облыстық деңгейдегі атқарушы билік органында қызмет етуші лауазым иелері. Қоғамның Жарғысына сәйкес, оның жалғыз акционері ҚР Білім және ғылым министрлігі екені және ол коммерциялық ұйымға айналуы мүмкін еместігі бекітілген. Сондай-ақ, Қоғамның сырттан ақша тарту мақсатында акциялар шығару мүмкіндігі бар екені, бірақ акционерлерге дивидендтер төленбейтіні айтылған. Мұнда дивиденд алмайтын ұйымға қандай акционер қаражат салады деген сұрақ туындайды. Сондай-ақ, Жарғыда Директорлар кеңесіне мүшелікке үміткерлер жоғары білім саласында құзыреттілігі бар сол саланы жақсы түсінетін мамандар болу қажеттігі көрсетілген. Мүшелікке үміткерлерге қойылатын мұндай талаптар айқын емес және түрліше талқылауға жол береді. Сондықтан да, жоғары білім саласына қатысы жоқ лауазым иелері мүшелікке сайланған. Ал енді Мемлекеттік бағдарламада бекітілген міндеттердің бірі, яғни университеттер мен өнеркәсіп компаниялары арасындағы әріптестік қалай орнамақшы деген сұрақ туындайды. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, ЭЫДҰ-ға кіретін елдердің басым көпшілігінде университеттердің басқару органдарына өнеркәсіп компаниялары мен бизнес өкілдері тартылу мақсат етіп қойылған [5]. Ал қазақстандық заңнамаға сәйкес ондай

талаптар нақтыланбаған. Басқарма басшысы - Ректордың сайлану жолы да бұрынғы жүйеге ұқсас. Бірінші этапта директорлар кеңесімен сайланып, министрлікке үміткерлердің тізімі жіберіледі. Министрлік Республикалық комиссияның құрамын өзі бекітеді және сол комиссияның шешімінің негізінде министрдің бұйрығымен тағайындалады. Жалпы алғанда, ректор министрлік тарапынан тағайындалады және министрлік жалғыз акционер ретінде кез келген уақытта ректорды қызметінен босатуға құқығы бар.

Екінші Б университетінің директорлар кеңесінің төрағасы ҚР Білім және ғылым министрліктің департамент басшысы, ал мүшелері облыстық деңгейдегі осы министрлікке бағынысты органдар мен ұйымдардың басшысы және өзге де мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары. Бұл университеттің корпоративтік басқару органдарын құру және ректорын тағайындау жолы бірінші университеттің ережелеріне ұқсайды. Өңірлік университет болғандықтан, басқару органдарында аса ерекшеліктер жоқ. Үшінші С университетінің директорлар кеңесінің құрамы А және Б университеттерінің корпоративтік басқару органдарына ұқсайды. Ресми сайтындағы мәліметтерге сәйкес университеттің басқару органдарына қатысты құжаттары қалыптасу үстінде екенін байқауға болады. Көп құжаттары әлі сайтқа қойылмаған.

Жалпы алғанда, Үкіметтің Қаулысымен мемлекеттік кәсіпорын нысанынан коммерциялық емсе акционерлік қоғам нысанына ауысқан ұлттық және мемлекеттік университеттер корпоративтік басқару органдарын құру бойынша ұйымдастырушылық және құқықтық құжаттары әлі де дайындалу үстінде деп қорытуға болады. Сол себепті де құқықтық және ұйымдастырушылық тұрғыдан кемшіліктердің болуы заңды құбылыс. Тіпті, Батыстың жоғары оқу орындары ондаған, жүздеген жылдар бойы қалыптасып келді және әлі де жетілдіруді қажет ететін тұстары бар екенін мойындайды [9].

Дегенмен, осы тақырыптағы теориялық еңбектерге және халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, мемлекеттік университеттерде корпоративтік басқару жүйесін дамытуға қатысты келесідей ұсыныстар жасалынады:

1. Бүгінгі таңда қазақстандық ұлттық және мемлекеттік университеттердегі басқару моделі теориялық тұрғыдан әлі де зерттеуді қажет етеді. Себебі, директорлар кеңесінің құрамы мен қызмет етуі корпоративтік басқару моделіне сәйкес келмейді. Сондай-ақ, қазақстандық мемлекеттік университеттердің директорлар кеңесінің мүшелерін жоғары білім саласының кәсіпқой мамандары мен менеджерлері деп айту қиын. Олардың ешқандай мүліктік немесе қаржылық мүдделері мен қызығушылықтарын оятатын мотивация жоқ. Байқау кеңестері мен директорлар кеңестері заңдылықты сақтап, сыбайлас жемқорлық және өзге де құқық бұзушылықтардың алдын алуға арналған билік өкілдері тәрізді. Жоғарыда айтып кеткендей, өзінің қызметі үшін сыйақы алмайтын директорлар кеңесінің мүшелері ұйымның өнімді жұмыс істеуіне қызығушылығы болмайды. Сондықтан да, Қазақстандық контексте университетті басқаруда Тракманның сенімгерлік басқару (trustee governance) моделі дәлірек келеді [10]. Сенімгерлік басқару моделі бойынша сенім білдірушінің міндеті университеттің негізгі қорларын сақтау және қолда бар активтерді университеттің қажеттілігі бойынша үнемді үлестіріп отыру. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, дамыған елдерде университеттің басқару органының құрамында өнеркәсіп компаниялары мен бизнес өкілдерін тарту саясаты жүргізілуде және мұндай әріптестіктің өзара тиімді екені белгілі. Қазақстанда университеттер мен өнеркәсіп компаниялары және өзге де мүдделі тараптар арасында өзара әріптестік орнатудың құқықтық механизмдері айқындалмаған. Мемлекеттік бағдарламалар мен негізгі заңдарда мұндай әріптестік орнату туралы айтылған, алайда оның жүзеге асырылу механизмдері пысықталмаған. Заң ғылымында «өзінің жүзеге асырылу механизмі көрсетілмеген заң өлі туылған заңмен тең» деген қағида бар. Француздың ұлы заңгері және философы Шарль Монтескье өзінің «Заңдардың рухы туралы» деген еңбегінде «қандай да бір жақсы заңның өзі орындалмайтын болса, оның пайдасы болмайды» [11] деген екен.

2. Батыс елдеріндегі университеттердің басқару органдарының құрылу тәжірибесін басшылыққа ала отырып, мемлекеттік университеттердің директорлар кеңесінің құрамына өнеркәсіп компаниялары мен бизнес өкілдерін мүше ретінде тарту және олардың қызығушылығын ояту қажет [12]. Мысалы, өнеркәсіп және бизнес компанияларына жергілікті университеттерді қолдағаны үшін салықтық және өзге де жеңілдіктер беру, тегін жер телімдерін үлестіру. Осындай бастамалардың жүзеге асырылуы үшін жергілікті өкілді органдардың әлеуметтік саясатқа қатысты өкілеттіктерін кеңейту орынды деген ой келеді. Бұл мәселеге қатысты жергілікті өкілді органдар туралы заңнамаға бірқатар өзгерістер енгізу қажет етіледі. Мұндай іс-шаралар университеттерде эндаумент қорларын құру мәселесін де шешеді деген болжам бар.

3. Қолданыстағы акционерлік қоғам туралы заңнамада және жаңа құрылған коммерциялық емес акционерлік қоғамдардың жарғыларында «Қоғам акция шығару құқығы бар» деген нормалар бар. Заңды тұрғыдан қарағанда акция шығару және оған ие болу дегеніміз

ұйымға қатысты меншік құқықтарына ие болу дегенді білдіреді. Бұл туралы профессор Карагусов «В свою очередь, ТОО и АО являются негосударственными юридическими лицами, даже если государство участвует в их уставном капитале» деп ой қорытады [13]. Яғни, профессор Карагусовтың пікірінше мемлекеттік кәсіпорын акционерлік қоғам нысанына ауысқан жағдайда оның жалғыз акционері мемлекет екеніне қарамастан ол ұйым жекешелендірілді деп танылады.

Мемлекеттік университеттердің коммерциялық ұйымға айналуына жол берілмейді деген ереже А университетінің Жарғысында көзделген. Алайда, дивидендтер төлемейтін акционерлік қоғамның акциясын алуға қызығушылық білдіретін тұлғаларды табу оңай емес екені белгілі. Қолданыстағы заңнама мен биліктегі саясаттың уақыт өте келе өзгеруі заңды құбылыс екенін ескеретін болсақ, келешекте мемлекеттік университеттер қаржылық тапшылықтың салдарынан сырттан қаржы тартуға мәжбүр болып коммерциялық ұйымға айналу және жекешелендіруге ұшырау қауіпі де бар. Ал бүгінгі жағдайда қолданыстағы заңнамада оның алдын алудың құқықтық кепілдігі бекітілмеген. Сондай-ақ, Қазақстандық контексте 2000-ші жылдардың басында бірқатар мемлекеттік университеттер жабық акционерлік қоғамға айналып, кейіннен ашық акционерлік қоғам ретінде қайта құрылғанын білеміз [14]. Азаматтық заңнамадағы осындай тұрақсыздықтың салдарынан сол университеттер жекешелендіріліп кетті және бүгінге дейін олардың кімнің меншігіне өткені туралы анық ақпараттар жоқ. Сондықтан да, академик Сулейменов және оның әріптестері ұсынған идеялар, яғни «жария құқықтағы заңды тұлға» (legal entity of public law) институтын заңдастыру мемлекеттің меншігін қорғауда сенімді құқықтық құрал деп айтуға болады. Аталған ғалымдардың пікірінше бұл заңды тұлғаның басты ерекшелігі мен жетістігі жеке тұлғаларға және қоғамның мүдделеріне сай келетін қоғамдық игілік ретінде өмір сүруінде, сондай-ақ, Қазақстан халқына тиесілі мемлекеттік мүлікті жекешелендіруге, тәркілеуге және салық салуға жатпауын конституциялық тұрғыда кепіл етуінде [15].

**Қорытынды**

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, Қазақстанның ұлттық және мемлекеттік университеттерінің трансформация үстінде екені анықталды. Осы тұрғыда, мемлекеттік университеттерде корпоративтік басқару нысаны қалыптасуда және тиісті нормативтік базасы жасалып жатқанын көріп отырмыз. Университетті басқару моделін құруда уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан белсенді әрекеттер жасалып жатқаны байқалады. Басқару органдары байқау кеңестері мен директорлар кеңесі түрінде қызмет етіп тұрғанын және олардың құрамында және құрылу жолында аса айырмашылықтар жоқ екенін көріп отырмыз.

Университеттік басқару теориясына және әлемдік тәжірибе сүйене отырып, қазақстандық университеттердің басқару органдарына өнеркәсіп және бизнес компанияларының өкілдерін мүшелікке тарту ұсынылып отыр. Мұндай үрдіс ЭЫДҰ-ға кіретін елдерде кең тараған тәжірибе екенін көрдік. Сондай-ақ, тиімді басқару моделін қалыптастыру үшін оқытушы-профессорлық құрам мен өзге де сырттан тартылатын мүдделі тараптардың қызығушылығын оятып, ортақ басқару моделі арқылы барлық тараптардың мүддесін бір арнаға салу университет үшін маңызды екені көрсетілді.

Коммерциялық емес акционерлік қоғамдардың құқықтық мәртебесін және олардың корпоративтік басқару моделін теориялық тұрғыдан әлі де зерттеуді қажет етеді деген ой қорытылды. Келешекте мемлекеттік меншіктегі университеттердің жекешелендіруін болдырмау үшін, бұл мәселені азаматтық құқық ғылымы тұрғысынан қарастырып, заңды тұлға ретіндегі мәртебесін әлі де ғылыми негіздеу қажеттігі ұсынылады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

*1. Armstrong, A. & Unger, Z. Assessment, evaluation and improvement of university council performance. Evaluation journal of Australasia, 2009. – 9(1): 46-54*

*2. Whetten, D.A. & Cameron, K.S. Administrative Effectiveness in Higher Education. The Review of Higher Education, 1985, Volume 9, pp. 35-49 Published by Johns Hopkins University Press.*

*3. Shattock, M. Managing good governance in higher education. Maidenhead: Open University Press, 2006.*

*4. Gornitzka, Å., Maassen., P. de Boer H. Change in university governance structures in continental Europe. Higher Education Quarterly. 2017. – 71:274-289. https://doi.org/10.1111/hequ.12127*

*5. University-Industry Collaboration: New Evidence and Policy Options, OECD Publishing, Paris. https://doi.org/10.1787/e9c1e648-en*

*6. Clark, B. Creating entrepreneurial universities: Organizational pathways of transformation. Oxford, England: IAU Press, 1998.*

7. Christopher, J. Australian public universities: are they practising a corporate approach to governance? Studies in Higher Education, 2014, Vol. 39, No. 4, 560–573, http://dx.doi.org/10.1080/03075079.2012.709499
8. Daily, C.M., Dalton, D.R. and Canella, A.A. Corporate Governance: Decades of Dialogue and Data, Academy of Management Review, 2003. – 28 (3), 371-382.
9. Амандыкова С.К., Алтынбасов Б.О. Жаһандану жағдайында жоғары оқу орындарын басқарудың модельдері: тарихи-құқықтық аспектілері / Вестник Карагандинского государственного университета им. Е.А. Букетова. Серия Право. №2 (98). 2020. – с. 49-61
10. Trakman, L. Modelling University Governance. Higher Education Quarterly, 0951-5224. 2008. – Volume 62, pp 63-83.
11. Матузов Н.И., Малько А.В. Теория государства и права: учебник, Юристъ, 2004.
12. Алтынбасов Б.О. Мемлекеттік университеттердің азаматтық құқықтық мәртебесінің реформасы: теориялық және практикалық мәселелер / Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан, 2020, №4 (62), 73-82.
13. Карагусов Ф.С. Правовое заключение по вопросу о возможности преобразования государственного учреждения в товарищество с ограниченной ответственностью. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37410902
14. Huisman, J., Smolentseva, A., Froumin, I. (Eds.). 25 Years of Transformations of Higher Education Systems in Post-Soviet Countries. Reform and Continuity.2018. Palgrave.
15. Сулейменов М.К., Карагусов Ф.С., Кот А.А., Дуйсенова А.Е., Скрябин С.В. О понятии и правовом статусе юридических лиц публичного права в законодательстве некоторых развитых иностранных государствах и бывших советских республиках // https://www.zakon.kz., 2018.

## REFERENCES

1. Armstrong, A. & Unger, Z. Assessment, evaluation and improvement of university council performance. Evaluation journal of Australasia, 2009. – 9(1): 46-54
2. Whetten, D.A. & Cameron, K.S. Administrative Effectiveness in Higher Education. The Review of Higher Education, 1985, Volume 9, pp. 35-49 Published by Johns Hopkins University Press.
3. Shattock, M. Managing good governance in higher education. Maidenhead: Open University Press, 2006.
4. Gornitzka, Å., Maassen., P. de Boer H. Change in university governance structures in continental Europe. Higher Education Quarterly. 2017. – 71:274-289. https://doi.org/10.1111/hequ.12127
5. University-Industry Collaboration: New Evidence and Policy Options, OECD Publishing, Paris. https://doi.org/10.1787/e9c1e648-en
6. Clark, B. Creating entrepreneurial universities: Organizational pathways of transformation. Oxford, England: IAU Press, 1998.
7. Christopher, J. Australian public universities: are they practising a corporate approach to governance? Studies in Higher Education, 2014, Vol. 39, No. 4, 560–573, http://dx.doi.org/10.1080/03075079.2012.709499
8. Daily, C.M., Dalton, D.R. and Canella, A.A. Corporate Governance: Decades of Dialogue and Data, Academy of Management Review, 2003. – 28 (3), 371-382.
9. Amandykova S.K., Altynbasov B.O. Zhahandanu zhağdayynda zhoğary ok̦u oryndaryn bask̦arudyң model'derí: tarikhi-k̦ұk̦yk̦tyk̦ aspektílerí / Vestnik Karagandinskogo gosudarstvennogo universiteta im. Ye.A. Buketova. Seriya Pravo. № 2 (98). 2020. – c. 49-61
10. Trakman, L. Modelling University Governance. Higher Education Quarterly, 0951-5224. 2008. – Volume 62, pp 63-83.
11. Matuzov N.I., Mal'ko A.V. Teoriya gosudarstva i prava: uchebnik, Yurist», 2004.
12. Altynbasov B.O. Memlekettik universitetterdíң azamattyk̦ k̦ұk̦yk̦tyk̦ mərtebesíníң reformasy: teoriyalyk̦ zhəne praktikalyk̦ məseleler / Vestnik Instituta zakonodatel'stva i pravovo y Respubliki Kazakhstan, 2020, №4 (62), 73-82
13. Karagusov F.S. Pravovoye zaklyucheniye po vozmozhnosti preobrazovaniya gosudarstvennogo uchrezhdeniya v tovarishchestvo s ogranichennoy otvetstvennost'yu. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37410902
14. Huisman, J., Smolentseva, A., Froumin, I. (Eds.). 25 Years of Transformations of Higher Education Systems in Post-Soviet Countries. Reform and Continuity.2018. Palgrave.
15. Suleymenov M.K., Karagusov F.S., Kot A.A., Duysenova A.Ye., Skryabin S.V. O ponyatii i pravovom statuse yuridicheskikh lits publichnogo prava v zakonodatel'stve nekotorykh razvitykh inostrannykh gosudarstvakh i byvshikh sovetskikh respublikakh // https://www.zakon.kz, 2018.